




Ж.Е. Турекулова *, М.У. Жұмабеков , Э.С. Таукебаева 

¹ М. Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
(E-mail: turekulova74@mail.ru[mailto: jumabek-777@mail.ru](mailto:jumabek-777@mail.ru), elt_s@mail.ru)

Батыс-Шығыс ықпалдастығы мәселесі аясындағы Египет тарихы және еуропалық елдердің саясаты (XIX ғасырдың бірінші жартысы)

Мақалада XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Египеттің тарихи даму аясында, еуропалық елдердің аталған елдегі саясатының негізгі бағыттары қарастырылған. Қазіргі таңдағы Таяу Шығыс аймағында орын алып отырған саяси процестер және аймақтың саяси құрылымы негізінен, отарлау дәуірі кезеңінде қалыптасқан, сондықтан XXI ғасырдағы Таяу Шығыс аймағындағы саяси қайшылықтар мен қақтығыстардың тарихи алғышарттарын, Батыс әлемінің аймақтағы мүдделерінің мәнін түсінуде, XIX ғасырдағы араб елдеріндегі еуропалық державалардың, оның ішінде Франция мен Ұлыбританияның саясатын зерделеу ерекше маңызға ие. Еуропалық елдердің Египеттегі отарлық саясатына қатысты мәселелер тарихи, экономикалық және саяси көзқарастар тұрғысынан кең ауқымда зерттелініп келе жатқан бағыт. Тақырыпқа қатысты еңбектердің басым бөлігінде, еуропалық державалардың Египеттегі мүдделері саяси-экономикалық немесе саяси стратегиялық тұрғыдан қарастырылып келеді. Дегенмен, аталмыш мәселені Батыс-Шығыс ықпалдастығы, отарлық модернизация және ориентализм негізінде қарастыру толыққанды зерттеле қоймаған, пікірталастарға толы бағыт. Осы ретте, Франция мен Ұлыбританияның Египеттегі саясатының негізгі мүдделері мен бағыттарына, өзара бәсекелестігіне, отарлық прогресс идеясы тұрғысынан талдау жасалынған. Еуропалық елдердің отарлық саясатының тетіктері, ғылыми және саяси ортадағы идеологиялық ұстанымдар зерделенген. XIX ғасырдың бірінші жартысында Осман империясының құрамындағы ірі мемлекет, ұтымды геостратегиялық ұстанымдарға ие, араб-мұсылман қоғамының рухани құндылықтарына сүйенген, әскери күші дамыған Египеттің еуропалық елдердің ықпалына түсу себептері қарастырылған. Жаңа әдіснамалық тәсілдер арқылы отарлық саясат және Шығыс елдеріндегі модернизациялық үдерістердің өзара байланысы зерттелген.

Кілт сөздер: Египет, отарлық саясат, империя, ориентализм, оксидентализм, тарихи даму, әлеуметтік-экономикалық жағдай, идеология, сыртқы саясат, империялық көзқарас, Батыс-Шығыс парадигмасы.

Kipicne

Зерттеу тақырыбының өзектілігі бірқатар факторлардан құралады. Біріншіден, империялық дүниетанымға қатысты пікірталастар мен ғылыми бағыт теориялық және тәжірибелік маңызға ие тақырыптардың бірі болып саналады және еуропалық державалардың отарлық саясаты мен Шығыс елдеріндегі модернизациялық үрдістердің өзара байланысын жаңа әдіснамалық тәсілдер арқылы қайта қарастырудың ғылыми маңызы жоғары. Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінің ерекшелігінің бірі ретінде, ұзақ тарихи кезеңдерде қалыптасқан еуропалық өркениеттің Азия және Африка елдеріндегі көрінісі мен оны Шығыс қоғамының қабылдауын айқындайтын, Батыс және Шығыс әлемі арасындағы парадигманың сақталып отырғандығы. Осы орайда, XIX ғасырдағы дәстүрлі ислам, зайырлық реформалар және еуропалық державалардың саяси-экономикалық араласуы мәселелерін ұштастырған Египеттің тарихы аясында қарастыру өзекті болып саналады.

Екіншіден, тақырыптың өзектілігін арттыратын мәселе ретінде қазіргі таңда саяси дискурста Таяу Шығыс аймағы құрылымына қатысты туындаған пікірталастар аясын көрсетеміз. XXI ғасырда, Таяу Шығыс аймағының болашақтағы геосаяси моделіне байланысты пікірлердің ішінде, дәстүрлі Таяу Шығыс елдерінің саяси картасына Кавказ және Орталық Азия елдерін де қосып қарастыратын «Жаңа Таяу Шығыс» геосаяси термині ұсынылып отыр. Жаһандану үрдісінде өзара ықпалдастық, өзара тәуелділік ұғымдарының кеңінен таралуына байланысты, дүниежүзінің басқа да аймақтарында орын алып отырған саяси-экономикалық немесе тарихи оқиғалар, келесі бір аймақтарға да өзінің ықпалын тигізуде. Осы ретте, Таяу Шығыс аймағының тарихын, араб елдеріне қатысты жетекші күш орталықтарының саясатын зерттеу өзектілігін жоғалтпайтын бағыт болып табылады және тарихи итерактивтілік тұрғысынан қарастыратын болсақ, Батыс әлемінің Шығыс елдеріне қатысты саясатының бағыты мен нысаны өзгеріске түскенімен, негізгі мәнін сақтап отырғандығын заманауи

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: turekulova74@mail.ru

тарихи және саяси процестер көрсетіп отыр. Сондықтан, Батыс әлемінің Шығысқа қатысты саясатының ерекшелігін, мазмұнын айқындау да ерекше ғылыми бағыт болып қала береді. Египет мысалында Батыс әлемінің саясатының бағыттарын зерттеу және оның мәнін түсіну, Орталық Азия елдерінің мәдени, саяси және экономикалық тәуелсіздікті нығайту ісінде аса маңызды.

Мухаммед Али билігі (1805-1848) кезеңіндегі Египеттің тарихына талдау жасай отырып, елдің еуропалық державалардың саясатының басты нысанына айналу себептерін, сыртқы халықаралық факторлар мен ішкі жағдайлардың ықпалын, Шығыс және Батыс өркениеттік өзара ықпалдастықтық мәселелерін қарастырудан мақаланың мақсаты мен міндеттері туындайды.

Египеттің даму тарихына қатысты еуропалық зерттеушілердің еңбектерін бірнеше топқа жіктеуге болады. Бірінші топтағы зерттеулерге апологеттік түрдегі еңбектерді жатқызамыз. Атап айтқанда, Египеттің британдық отарлық тарихнамасының негізін қалаған, Египеттегі Ұлыбритания Бас консулы Э.Б. Кромердің (1841-1917) 1908 жылы шыққан «Заманауи Египет» [1] еңбегінде автор, Египеттегі саяси жағдайға шолу жасай отырып, елді басқарудағы британдық қатысудың бағытын дәйектейді. 1796 жылдан 1914 жылға дейінгі Египет тарихы қарастырылатын Артур Вейгаллдың [2], және Д. Сладен [3] еңбектері еуропалық отарлау жүйені ақтауға бағытталған. Шотландиялық тарихшы Ниал Фергюсон, осы британдық дәстүрді жалғастырушы ретінде, Ұлыбританияның қазіргі әлемдік тәртіптің қалыптасуындағы рөлін ерекшелейді. Автордың пікірінше, Азия және Африка елдерінің дамуындағы саяси-экономикалық дағдарыс ең алдымен жергілікті билеушілердің сыбайлас жемқорлығынан туындайды, ал Ұлыбритания болса тарихи даму барысында, еркін сауданы енгізген, заңның үстемдігін дәріптеген, инвесторларды өз қанатына алып қорғаған сыбайлас жемқорлық жайламаған мемлекет болып табылады [4; 98]. Француз зерттеушісі Кэролайн Пикенің зерттеулерінде отарлық прогресс идеялары қарастырылып, еуропалық державалардың Азия және Африка елдерінің модернизациялық дамуындағы рөлі ерекшеленеді [5].

Екінші топқа, отарлық саясаттың оң жақтарымен қатар теріс ықпалдарын да айқындайтын еуропалық зерттеушілердің еңбегін жатқызамыз. XX ғасырдың II жартысынан бастап, Шығыс елдердегі отарлық жүйенің ыдырауына байланысты Шығыс және Батыс елдерінің арақатынасы да түбегейлі өзгеріске түсті. 1956 жылғы Египеттегі «Суэц дағдарысынан» кейін, еуропалық зерттеушілер Египеттің ішкі және сыртқы жағдайына назар аударып, елді еуропалық державалар саясатынан тыс дербес мемлекет ретінде қарастыра бастайды. Мысалы, Дж Марлоу [6] Египеттегі Британ сыртқы саясатының оң және теріс жақтарына салыстырмалы талдау жүргізе отырып, Египеттегі ұлт-азаттық қозғалысты Ұлыбританияның отарлық саясатына қарсы бағытталған құбылыс ретінде сипаттайды.

Жалпы, XX ғасырларда Шығыс елдерінің тарихын зерттеудегі тұжырымдамаларда, Азия және Африка елдерін дүниежүзілік тарихтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру және Шығыс халықтарының әлеуметтік-мәдени өмірін саралаудан өткізу басым болды. Эдвард Саидтың ориентализм теориясы негізінде, отарлау жүйесінің қалыптасуы Батыс елдеріндегі Шығысты танудың дамуының бастамасы болды деген ойлар қалыптасты. Э. Саид [7] пікірінше, отарлау саясаты еуропалық ғылымда және қоғамдық пікірде Шығыс-Батыс дихотомиясын тудырды. Өзінің еңбегінде Э. Саид: «Шығыс» — отарлық қанау үшін пайда болған Батыс ойы болып табылады және еуропалықтар үшін әлем, Шығыс және Батыстан тұратын екі тең емес жағдайдан құралады, сондықтан Шығыс және Батыс арасындағы қатынас — бұл билік, үстемдік ету, гегемониялық көзқарастағы қатынас», — деп айтып өтеді [7; 100].

Үшінші топ зерттеулері аясында, Батыс пен Шығыс арасындағы қатынастар зерттелінеді (Occident және Orient) және білім мен ғылымды меңгерудегі Батыс елдерінің үстемдігі Шығыс халқының саяси өміріне араласуын тудырды деген көзқарастар ұсынылады. Осы мәселе бойынша зерттеулердің қатарына: Сакария университетінің зерттеушісі, PhD доктор Э. Башар Сани Хаметтің еңбегінде ориентализм және отарлық саясаттың өзара байланысы зерттелінеді. Автор Гердер, Монтескье, Локк и Милль түріндегі ойшылдар тарапынан ұсынылған, отарлау — өркениеттің синонимі деген пікірдің жаңсақтығын алға тартып, отарлау саясатын, Батыс әлемінің ойында өркениеттен артта қалған деп қате түрде саналған Шығыс елдеріне қарсы бағытталған қылмыстық әрекет ретінде санайды [8]. Нью-Йорк университетінің профессоры Закари Локман, ориентализм дискурсын еуропалық державалардың Таяу Шығыс аймағындағы билігін ақтап алудың көрінісі ретінде анықтайды [9; 88]. Американдық тарихшы Д. Кеннеди империализм құбылысын, отарлау дәуіріндегі өзара ықпалдастық, қысым көрсету және оған қарсы тұру үдерісі ретінде сипаттайды [10; 359].

Төртінші топ аясында, XIX ғасырдағы халықаралық саясатты араб-еуропа қарсыластығы шеңберінде қарастыратын Египет тарихшыларының еңбектерін жатқызамыз. Мухаммед Али дәуірі кезеңіндегі елдің ішкі жағдайын және Мухаммед Алидің Египет мемлекетінің негізін қалаушы, оның тәуелсіздікке жетуінің алғышартын жасаған тұлға ретінде бағалайтын Абд ар-Рахман Ар-Рафиидің «Мухаммед Али дәуірі» атты еңбегінің маңызы жоғары [11]. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Египет тарихи дамуының негізгі үрдістеріне талдау жасалатын, елдің ішкі саяси жағдайлары айқындалатын, білім беру жүйесіндегі реформалардың барысы қарастырылатын Абдул Хамид Батриқтың «Египет тарихы: Мухаммед Али дәуірі және XIX ғасырдағы Египеттің өркендеуі» еңбегін ерекшелеуге болады [12]. Абдуд Азиз Омардың «Египеттің жаңа және қазіргі заман тарихы» еңбегінде Египетке қатысты әскери-саяси жағдайға талдау жасалынады [13]. Жалпы, Египет тарихшыларының еңбектерінде ел тарихын, ұлт-азаттық қозғалыс аясында қарастыру үрдісі және Египеттің XIX ғасырдың бірінші жартысындағы жетістіктерін ерекше пафоспен, яғни Мухаммед Алидің реформаларының арнасында ғана байланыстыру басым бағыттың бірі.

Зерттеу әдістері

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысында, XIX ғасырда еуропа елдері тарапынан араб елдерінде жүргізілген отарлық саясаттың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындайтын тарихи-салыстырмалық әдіс, XIX ғасырдағы Египеттің даму тарихы мен еуропалық елдердің аталған елдегі саясатының тарихы желісінде, XXI ғасырдағы саяси оқиғалармен өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік беретін, тарихи-элеуметтік үдерістердің қайталануын қарастыратын тарихи параллель, циклдық және тарихи итерактивтілік әдістері қолданылды. Сонымен қатар мақаланың тұжырымдары, XIX ғасырдағы Египеттің тарихи дамуының ерекшелігі және Франция мен Ұлыбританияның мүдделерін, сыртқы саясатын талдауға мүмкіндік беретін хронологиялық-мәселелік әдіс желісінде қарастырылады.

Талқылау

XIX ғасыр дәуірі, еуропалық ірі державалар Ұлыбритания мен Франция арасында, Шығыс елдерінде үстемдік орнатуға бағытталған геосаяси бәсекелестікпен ерекшеленеді. Бір жағынан, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдерін қамтитын кеңістікке бақылау орнату, Еуропадағы өндірістің дамуына қажетті шикізат көздеріне деген мүдделерден туындаса, екінші жағынан, Үнді мұхиты бассейнінде жаңа отарлық иеліктерді кеңейту барысында Таяу Шығыс аймағы ерекше маңызға ие болды. 1768-1774 жылғы орыс-түрік соғысынан кейін Осман империясының әлсіреуін пайдаланған Франция және Ұлыбритания Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкада өздерінің саясатын белсенді жүргізуді бастап, Осман империясына тиесілі араб иеліктерін өздеріне бағындыруды басты мақсат ретінде көрді. 1869 жылы Суэц каналының іске қосылуы нәтижесінде маңызды стратегиялық коммуникациялық торапқа айналған Египетті бағындыру арқылы еуропалық елдер Жерорта теңізі мен Қызыл теңізді жалғастыратын коммуникацияларға толықтай бақылау орнатуға ұмтылды.

XVIII ғасырдың соңындағы Францияның Египетке жасаған жорығы, Батыс өркениетінің араб елдерінің дамуына араласуының бастамасы болып табылады және осының негізінде Египетте мәдени, қоғамдық-экономикалық және саяси өзгерістер орын алды деп тұжырым жасаймыз. 1798 жылы Наполеон Бонапарттың Египетке жасаған жорығын зерттеушілер еуропалық елдердің Египетті отарлау саясатының, сонымен қатар Шығысты зерттеудің бастамасы мен дамыған мәдениеттің ғылыми түрде басқа мәдениетті меңгеруі ретінде қарастырады. Э. Саид қазіргі таңдағы Шығыс және Батыс арасындағы қатынастардың қалыптасу үдерісін Наполеонның Египеттегі жорығынан басталды деген тұжырым жасай отырып, Француздардың экспедициясынан бастап, Египет және кейіннен басқа да ислам елдері Батыс тарапынан лабораториялық провинцияларға, Шығысты тануды сынақтан өткізудің аренасына айналды деп санайды [7; 67].

Француздық тарихшылардың еңбектерінде, Наполеонның Египетке жасаған жорығына талдау жасау барысында, Францияның өркениеттік миссиясын дәріптеу басым. Роберт Соле «Наполеон Египетті ашуға және оның мәдениетін түсінуге ұмтылды, Наполеон әскерімен бірге келген 150 ғалымдар, жазушылар, өнертанушылар египтология ғылымының негізін қалап, бүкіл әлемге Нил өзенінің бойында өмір сүрген өркениеттің тарихын паш етті», – деп жазады [14;98].

Зерттеушінің бұл көзқарасын жоққа шығаруға болмайды. Шындығында, 1798 жылы Бонапарт Египет институтын құрып, оның президенті ретінде Гаспар Монж тағайындалды. Осы кезеңде, институттың хаттамалары мен ғылыми жаңалықтарын жариялау мақсатында «La Décade égyptienne»

газеті шығарыла бастады. Египетте француздар коммуникациялық құрылыстарды жүзеге асырды. Наполеон экспедициясына қатысушы француздық ғалым, инженер Жак–Мари Лепер (Le Père, Jacques-Marie) (1763-1841) Суэц каналының құрылысы бойынша жасаған ғылыми зерттеуі негізінде, қазіргі таңдағы әлемдік саудадағы стратегиялық маңызға ие Суэц каналы құрылысын жоспарлау туралы ғылыми жобалардың алғышарттары жасалды. Каир, Александрия, Розетта және Дамиетта қалаларында әскери госпитальдар және медициналық мекемелер француздардың күшімен салынған. Наполеонның Египет жорығына қатысқан Франция Ұлттық жиналысының мүшесі Жан-Ламбер Тальен (1767-1820) өзінің жазбасында: «Франция өз жорығында Египетті талқандау мақсатын қоймады, Египет Франция үшін саяси немесе коммерциялық тұрғыда ғана қажет болмауы қажет, ғылым мен білім үшін де маңызы болуы тиіс. Өйткені білім мен сана өмір философиясын басқа арнаға бұрады», – деп жазады [15; 56].

Э. Саид пікірінше, Наполеонның мақсаты — Египетті еуропалық ғылым үшін ашу болды. Өз еңбегінде Э. Саид бұл мәселе төңірегінде: «Египетті зерттеу және ашу барысында ғалымдар оның шынайы табиғи мәдениетімен, географиялық және тарихи маңыздылығымен танысты. Египет Африка және Азия, Еуропа және Шығыс арасындағы, тарихи жады және заманауи дамудың басты нүктесі болып табылады» деген ой қорытады [7; 132].

Алайда, француздардың бұл жорықтағы негізгі мүдделері — Египетте отарлық жүйесін құру арқылы, Жерорта теңізінің Шығыс жағалауында үстемдік орнату және Ұлыбританияның Үндістандағы отарлық саясатын әлсірету болды. Э. Саид бұл мәселе бойынша, «Наполеонның жоспары Шығыс және Батыс арасындағы қайшылықтың бастапқы түрі болды, мұнда ориенталистердің тәжірибелерін отарлық мақсатта пайдалану көзделді» деп жазады [7; 126].

Францияның Египетке басып кіруі ағылшындардың алаңдаушылығын тудырып, 1799 жылы ағылшын-түрік одағы шеңберінде Осман империясымен біріккен Ұлыбритания француздардың әскерін талқандап, 1802 жылы Египетті Осман империясының иелігі деп танитын Амьен бейбіт бітіміне (1802) қол қойылды. Француздарға қарсы құрылған ағылшын-осман одағы 1877-1878 жылғы орыс-түрік соғысына дейін жалғасып, 1882 жылы Египеттегі Британ оккупациясы барысында тоқтады. Амьен келісімі бойынша, Ұлыбританияның Египеттен өз әскерін алты ай ішінде алып кетуі көзделді және осы келісімнің желісінде ағылшындар 1803 жылы Египеттен өз әскерін әкетті.

Қалыптасқан халықаралық саяси жағдайға қарамастан, француздар Египетке қайта оралу бойынша саясатын тоқтатпады. Амьен бітімшартының толықтау орындалуына бақылау жасау үшін Египетке жіберілген француз полковнигі Себастиани (1772-1851), 1803 жылы Францияға оралғаннан кейін Наполеонмен кездесіп, Египетке Францияның қайта оралуын көздейтін жоспарын ұсынды. Себастиан өз мәлімдемесінде, «Мен Египет пашасына екі ел арасында достық және сауда қатынастарын жандандыру туралы айтып, жақын арада Египетке француз сауда агенттерінің келетіндігін айттым. Осыған жауап ретінде паша, француздық агенттердің Египетте үлкен құрметпен қабылданатынын мәлімдеді» деп жазады [16; 314]. Себастианның Наполеонға жазған мәлімдемесі 1803 жылы 30 қаңтар күні «Moniteur Universel» беттерінде жарияланады. Онда, «Египетті қазіргі таңда қайта жаулап алуға алты мың француз әскері жеткілікті және Египет халқының француздарға деген ықыласы ерекше» деп айтылады. Бұл мәлімдемен француздардың қайтадан Египетке басып кіруге мүдделі екендігін аңғарған ағылшындар осыған жауап ретінде, Египеттегі өздерінің ықпалын нығайтуға шешім қабылдайды. Себастианидің мәлімдемесі 1805 жылы 5 ақпан күні «Таймс» газетінде толық басылып шығарылады және Себастианидің жазбалары туралы газет бетінде: «Оның жазбаларының басым бөлігі ағылшын саясаты үшін үлкен алаңдаушылық туғызады, Себастиани жазбалары Египетте қалған ағылшын әскерлері үшін қауіп төндіреді» деп жазады [17]. Сондықтан, ағылшындар Египетте өз саясатын нығайтудың және өз қатысуын күшейтудің жолдарын іздестіре бастайды. Сол кезеңде отарлық бақылау орнатпастан, сауда арқылы Ұлыбританияның Египет дамуына қатысуы бойынша қадамдар жасалынды.

Зерттеушілер, француздық оккупация сәтсіз аяқталғаннан кейін «Египет XIX ғасырдың басында формальды емес империализмнің орнаған жеріне айналды» деген пікір ұсынады [18]. Британ империализмін зерттеуші Джон Галлахер және Рональд Робинсондардың «формальды емес империя» тұжырымдамаларына сәйкес, британдық формальды суверенитет орнамаған жерлерде, тиімді сауда, инвестиция және несиелер арқылы Шығыс елдерінде бақылау орнатуға ұмтылған «еркін сауда империализмі» түріндегі ағылшындардың саясаты Египетте 1840-1880 жылдары айқын көрініске ие болды [19]. Яғни, XVIII ғасырдағы әскери-теңіз флоты түріндегі империализм, XIX ғасырда Шығыс елдеріне номиналды түрде тәуелсіздік бере отырып, саяси және экономикалық қысым түріндегі жаңа

мазмұнға ие болды. Нәтижесінде, формальды саяси бақылау жасаудың орнына еркін сауда және экономикалық тәуелділік саясаты енгізілді.

Ағылшындардың формальды емес империялық бағытындағы саясаты Мухаммед Али кезеңіндегі Египет дамуында да қолданылды. Мысалы, 1808 жылы Египет билеушісі Ост-Үндістан компаниясына, Леванта және Қызыл теңіз аумағында Ұлыбританияға төмендетілген тарифпен сауда жүргізуді көздейтін жасырын келісімді ұсынып, Египет Жерорта теңізі бойында тұрған британдық гарнизондарды астықпен қамтамасыз етуді жүзеге асырды [18]. Мухаммед Алидің бұл саясаты, Осман империясынан тәуелсіз саясат жүргізуге бағытталғанымен, Франция және Ұлыбритания елдерімен формальды емес империялық қарым қатынастың орнатылуы 1882 жылы Египетте Ұлыбританияның протекторатының орнатуының тарихи алғышартын туғызды деп санаймыз.

1802-1805 жылдар аралығында Египет, Осман империясы тарапынан тағайындалған Мехмед Хисроу-паша* (1802-1803), Тахир-паша (1803), Ахмад Хуршид паша (1804-1805) билеушілердің қол астында болды. 1805 жылы 13 мамыр күні Хуршид пашаның орнына Осман империясының сұлтаны Селим III (1789-1807) Мухаммед Алиді тағайындады. Осылайша, Франция мен Ұлыбританияның әскері шығарылғаннан кейін, Мамлюктер мен Осман империясы әскері арасындағы ішкі әскери-саяси тартыстар күшейіп тұрған кезде, Египетке Осман империясы әскерінің құрамында келген албандық әскер басшы Мухаммед Али Египет пашасы ретінде тағайындалады.

Египет тарихнамасында Мухаммед Алиге қатысты заманауи Египет мемлекетінің негізін қалаушы деген ресми атақ 1905 жылы оның билікке келуінің 100 жылдығына орай берілген. Египет тарихшылары Мухаммед Алиге реформатор, елдегі модернизациялық үдерістердің негізін қалаушы деген баға береді [11]. Сонымен қатар, француздық зерттеуші Роберт Соле пікірінше, Египеттің заманауи тарихы Наполеон экспедициясынан бастау алады және мамлюктердің тираниялық жүйесінің ыдырауына, сонымен қатар, Мухаммед Алидің XIX ғасырда аймақтық державаны құруына жол ашқан француздардың жорығы болып табылады [14; 116]. Дегенмен, зерттеулердің ішінде Мухаммед Али Египетте ешқандай жаңа реформалар жүргізген жоқ және француздардың Египетке кіргенінен бұрын Осман империясындағы басталған әскери, экономикалық, білім және қоғамдық салалардағы түбегейлі өзгерістерді қамтитын сұлтан Селим III (1761-1808) «Низам-ы Джемид» (жаңа тәртіп) реформаларының желісіндегі бетбұрыстардың заңды жалғасы деп таниды [19]. Х.Э. Ривлин зерттеуінде, Мухаммед Али өзінің билігі кезеңінде барлық күш жігерін жаңа қоғамды құруға емес, Египеттегі билігін нығайтуға жұмсады деп жазады және француздық ғалымдар, Батысты Египет туралы білімдермен жабдықтауда үлкен рөл атқарғанымен, француздардың египеттіктерге ықпалын асыра бағалау дұрыс емес, деген пікірді алға тартады [20].

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Египеттің даму тарихына талдау жасау арқылы, соңғы пікірлердің дискуссиялық сипатта екендігін айқындау маңызды. Себебі, Селим III кезеңінде басталған реформаларының жалғасы деп танысақ, неліктен Осман империясының басқа да араб провинцияларында Египет сияқты табысты реформалар жүзеге аспады? деген мәселелер туындайды. XIX ғасырда Мухаммед Али билігі кезеңіндегі Египет Осман империясының құрамындағы, дербес армиясы құрылған мемлекет ретінде дамығандығы да тарихи факт. 1848 жылға дейін билік құрған Мухаммед Али табысты реформаларының нәтижесінде Египетті әскери күші дамыған аймақтық державаға айналдырды және Египет Осман империясының құрамындағы, дербес армиясы құрылған орталықтандырылған мемлекет ретінде дамыды.

Елді модернизациялауға бағытталған реформаларды жүргізу барысында Мухаммед Али, еуропалық елдердің мәдени, саяси және экономикалық көмегіне жүгінді. Францияның және Ұлыбританияның саясатын тек отарлық және қанаушылық ұстаным тұрғысынан қарастыруға болмайтындығын, Мухаммед Али кезеңіндегі Египеттің ғылымы мен білімін дамыту үрдісі айқындайды. Француз экспедициясы және одан кейінгі ағылшындардың саясаты египеттіктердің Батыс әлемімен мәдени қатынасын дамытуға ықпалын тигізді. Мухаммед Али билігі кезеңінде Египет жастарын еуропа елдеріне білім және ғылымды меңгеруге жіберу дәстүрі қалыптасты, нәтижесінде, ғылым мен техника саласында Египеттің ұлттық көрнекі өкілдері қалыптасты. Атап айтқанда: атақты египеттік инженер, математик, 1826 жылы Францияға оқуға жіберілген, отанына қайта оралғаннан кейін 1840 жылы араб тілінде алгебра және геометрия бойынша оқулықтар шығарған Мухаммед Баюми эфенди†, Францияда 10 жыл оқып келгеннен кейін Египеттік артиллерия

* Паша – Осман империясы билігі кезеңіндегі Египеттің саяси жүйесіндегі жоғарғы титул

† Эфенди – Осман империясы билігі кезеңіндегі титул және офицерлік шен

училищесінің директоры қызметін атқарған Мухаммед Музаффар-паша, Францияда білім алған инженерлер Ибрагим Рамазан-бей*, Ахмад Дакла-бей, Ахмад Таил эфенди, Ахмад-бей ас-Сабки, Каир темір жолының бас инженері Хасан-бей Нуруддин. Францияда білім алған Египет медицина саласының көрнекті өкілдері: Каср ал-Айн ауруханасының бас дәрігері болған хирург Мухаммед Али Бакли-паша, Аббас пашаның жеке дәрігері болған Ибрагим бей ан-Набрави, атақты египеттік дәрігер Ахмед Хасан аль-Рашиди, медицина мектебінің директоры қызметін атқарған Мухаммед аш-Шабаси –бей. Мемлекеттік басқару саласында: XIX ғасырдың екінші жартысындағы Египет билеушісі болған хедив Исмаил, адмиралдар Усман Нуруддин-паша, Хасан-паша ал-Искандарани, Мухаммед Шунан-бей, Махмуд Нами-бей, Мухаммед-бей Рагиб және египеттік ағартушы Рафаа-бей Рафии ат-Тахтави [11; 32]. Сонымен қатар, елдің медицина саласын дамытуда француздық ықпал жоғары болды, бұл саланың дамуында Франциядан шақырылған мамандар үлкен рөл атқарды. 1825 жылы Египетке келген Клот бей деген есіммен танымал Антуан Бартелеми Клоға (1793-1868) 1830 жылы Египетте орын алған сүзек эпидемиясымен күрестегі белсенді рөлі үшін «бей» деген титул және 1835 жылы бригадалық генерал әскери шені беріледі.

Осман империясына балама аймақтық держава құруға ұмтылған Мухаммед Алидің алдында екі маңызды міндетті тұрды. Біріншісі елдегі мамлюктердің билігін толығымен қирату болса, екіншісі, еуропалық елдердің Египетті жаулап алуына жол бермеу. Бірінші міндетті толықтай табысты жүзеге асырғанымен, XIX ғасырда қалыптасқан әлемдік тәртіптің ерекшелігіне орай, екінші міндетті шешу күрделілігімен ерекшеленеді. Мухаммед Али кезінде, еуропалық елдер Египетті басып алмағанымен, француз — ағылшын бәсекелестігі шеңберінде, экономикалық түрде басқаруға бағытталған шаралар кешені жүзеге асырылды.

Мемлекеттің тәуелсіздігі заманауи армия құрумен тікелей байланысты екендігін жақсы түсінген Мухаммед Али реформалар кешені аясында әскери салаға ерекше маңыз бөлді. Біріншіден, Осман империясына тәуелді жағдайдан шығуға бағытталса, екіншіден, Египетке еуропалық державалар тарапынан төнген отарлық жаулап алу саясатына тосқауыл мақсатында болды. Мухаммед Али әскери ғылымның тек қана Батыс әлеміне ғана тән сала емес екендігін, Шығыс халықтары да әскери реформаларды жүргізу арқылы күшті армия құруға қабілетті екендігін түсінді. Армияны құру барысында елдің басшысы француздардың тәжірибесі мен мамандарының көмегіне жүгінеді. Сулейман-паша аль – Франсауи деген атпен белгілі француздық әскери Джозеф Антельм Севе (1788-1860) елдің армиясын құру ісінде үлкен еңбек сіңірді.

1820 жылға қарай Мухаммед Али Египетте мықты армия құру бойынша мақсатына жетті, осының көрінісі ретінде 1820-1822 жылдардағы әскери жорық нәтижесінде Суданды және 1823-1824 жылдарда Крит аралдарын жаулап алуын қарастырамыз. 1827 жылы Египет және Түркия арасында басталған саяси қайшылықтар 1831 жылы соғысты тудырды, нәтижесінде Мухаммед Али Палестинаны, Сирияны, Киликияны басып алғаннан кейін, Осман сұлтанынан Сирияның билеушісі деген лауазымды талап етеді. Сұлтан келіспегеннен кейін, Мухаммед Али 1832 жылы Акканы, Хомсты жаулап алады. Түркияға Ресей империясы көмекке келіп, 1833 жылы Босфорға жеткен орыс әскерлері египеттік армияны тоқтатады. Осы кезеңде Осман империясына Ресейдің ықпалы артып кетуінен қаймыққан Ұлыбритания мен Францияның араласуымен 1833 жылы мамыр айында Кютахия бітімшартына қол қойылады. Нәтижесінде, сұлтан шығарған жарлықтың негізінде Сирия, Палестина және Адан пашалығы Мухаммед Али бақылауына өтеді, ал ол өз кезегінде өзін Осман империясының вассалы деп мойындайды. Алайда, Египеттің күшеюіне, сондай-ақ Түркия мен Ресейдің одақтастығына алаңдаушылық білдірген Ұлыбританияның саяси араласуының нәтижесінде 1839 жылдың жазында түрік әскерлері Египетке қарсы жаңа әскери жорықты бастады. Мухаммед Алидің ұлы Ибрахим пашаның 1839 жылы 24 маусымда Незиб шайқасында түрік әскерін жеңуі, 1840 жылы халықаралық саясатта «Египет мәселесі» деп аталатын дағдарысты тудырып, Осман империясы, Ұлыбритания, Франция, Ресей, Австрия және Пруссия қол қойған 1840 жылғы Лондон конвенциясы бойынша, Египет Осман империясының құрамында қалғанымен, Лондон конвенциясына қатысқан алты еуропалық елдердің қаржылық бақылауына өтті. Аталған елдер, Египет қаржысын және сыртқы саясатын бақылайтын өз өкілдерін тағайындады. 1841 жылы сұлтан Абдулмажид (1839-1861) Египеттің өкілеттігін шектеу туралы жарлық шығарып, ол бойынша Египет және Шығыс Судан ғана Мухаммед Алидің иелігінде қалды. Египет билеушісі өзін сұлтанның вассалы ретінде мойындап, египеттік армия 200 мыңнан 18 мыңға дейін қысқартылды. Осылайша, «Египет мәселесінің» екінші

* Бей – дворяндық титул және атақ

кезеңі Египеттегі сыртқы державалардың ықпалының күшеюіне және оның тәуелсіздігінің шектелуіне әкелді.

Мухаммед Алидің Осман империясына балама араб-мұсылман дәстүріндегі Египеттік империя құру туралы армандары, еуропалық елдердің ықпалымен және олардың саясатының негізінде жоққа шығарылды. Лондон конвенциясы еуропалық державалардың отарлық саясатының жаңа кезеңін айқындап, 1882 жылғы Ұлыбританияның протекторатына айналуының алғышартына негіз болды. Эдвард Саидтың ориентализм теориясы желісінде қарастырсақ, Шығысқа қатысты белсенді Батыстың өз нормаларын күшпен тануының көрінісі ретінде сипаттаймыз және Мухаммед Алидің идеялары мен Египеттің сол кезеңдегі өркендеуі мен құлдырауының бастамасын Батыс-Шығыс дискурсы арасындағы заңдылық деп танымыз. Егер де, сол кезеңдегі «Египет мәселесі» Мухаммед Алидің пайдасына шешілген кезде, қазіргі таңдағы Таяу Шығыстың саяси картасы да мүлдем басқаша болар еді.

Ал Мухаммед Алидің кезеңінде екі теңізді жалғастыру бойынша француздар тарапынан бірнеше рет ұсыныс түскенімен, бұл мәселе елдің тәуелсіздігінен айыратын фактор екендігін ұғынған Мухаммед Али ұсыныстарды қабылдамаған. В. Пикульдің еңбегінде, Мухаммед Алидің «Вольтер, Сен-Симон, Лейбниц, Монтескьерлердің Суэц каналы туралы пікірлері құнды болғанымен, біз бұл каналды ашатын болсақ, Ұлыбритания оның есігіне құлып салып, кілтін өз қалтасына тығады» [21; 5] деген пікірі берілген. Мухаммед Али дүниеден өткеннен кейін, оның мұрагері Саид — паша кезеңінде француздар Суэц каналының құрылысын бастауға рұқсат алады. Осы кезеңнен бастап, елдің еуропалық елдерге тәуелділігі басталады.

Қорытынды

XIX ғасыр еуропалық ғылымда және саясатта, Египетті өзінің тарихын және табиғи ресурстарын ұтымды пайдалануды білмейтін, елді дұрыс басқаруға әлеуеті жетпейтін ел және артта қалған Египетті еуропалық державалар ғана дамудың озық үлгісі желісіне түсіре алады деген көзқарас басым болды. Осы кезеңдегі еуропа елдерінің тарихи және саяси ойларында, Египетке даму прогресін еуропа елдерінің әкелгені және мемлекеттік құрылымдарды құрудың озық үлгісін көрсеткендігі дәйектеледі. Авторлардың пікірінше, бұл бір жақты ғана көзқарас, өйткені Наполеон жорығында бірге келген ғалымдардың ашқан жаңалықтары бұл Египет өркениетіне тиесілі дүние, Египет өркениетінің жемісі және Шығыс және Батыс елдерінің мәдени ықпалдастығының жарқын көрінісі.

Египеттегі барлық модернизациялық үрдістер және елдің дамуы еуропалық ғылыми-техникалық күштің көрінісі деген ойлар негізді болғанымен, Египеттегі XIX ғасырдағы білімнің, медицинаның, мемлекеттік басқару ісінің, әскери-теңіз саласының дамуы, университеттер мен мектептердің, инженерлік жоғары оқу орындарының ашылуы, Мухаммед Али құрған орталықтандырылған мемлекеттің табысты дамуы бұл пікірдің бір жақты екендігін көрсетеді.

Авторлардың пікірінше, Египеттің еуропалық державалардың нысанына айналуының негізгі себебі, елдің Қызыл теңіз және Жерорта теңізін жалғастырушы геосаяси маңызды аймақ екендігінен туындайды. Осы теңіздерді жалғастырушы Суэц каналының құрылысы туралы идеяны екі еуропалық ғылыми-идеологиялық үрдіс ретінде қарастырамыз. Біріншісі, адам санасының табиғи күштерді бағындыруы туралы көзқарастар. Бұл көзқарастар тұрғысынан, тұтас аймақтың табиғи ландшафтын өзгерту әлеуетіне ие Суэц каналының құрылысы ғылыми прогрестің шексіздігі және адам санасының күшін дәйектейтін еуропалық пікірдің көрінісі болып табылады. Екінші үрдіс, Египеттің ежелгі тарихын зерттеумен айналысқан еуропалық тарихшылар мен археологтардың фараон Нехо II кезеңінен бастап екі теңізді канал арқылы жалғастыруға болады деген тарихи деректерді табуымен байланысты. Заманауи әлемдік сауда үшін ерекше маңызға ие Суэц каналының ашылуы, Шығыстық тарихи деректер мен Батыстық технологиялардың ұштасуын айқындайды.

Мақалада қарастырылған уақыт аралығында Египеттің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуы сыртқы қысымды бастан кешіргені айқындалды. XIX ғасырдың бірінші жартысында Египет Осман империясының иеліктерінің ішіндегі ең дамыған провинциясы және тиімді геостратегиялық жағдайға ие ел ретінде ағылшын-француз отаршылдық бәсекелестігінің орталығына айналды. Египет мемлекеттілігінің іргетасын қалаған түбегейлі реформаларды жүргізген Мухаммед Алидің модернизациялық үрдістері және ұтымды сыртқы саясаты арқасында, ресми түрде Осман империясының құрамындағы, бірақ де-факто тәуелсіз Египет мемлекетін құрғандығы таихи факт және осы қадамдар еуропалық державалардың отарлық саясатына тосқауыл бола алды. Дегенмен,

Мухаммед Али кезеңінде басталған тарихи оқиғалар 1882 жылы Египеттің Ұлыбританияның протекторатына айналуын тудырды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Cromer E.B. *Modern Egypt* / E.B. Cromer. — Macmillan, 1908.
- 2 Weigall Arthur E.P. Brome. *A history of events in Egypt from 1796 to 1914* / E.P. Arthur Weigall. — Blackwood, 1915.
- 3 Sladen D. *Egypt and the English: Showing British Public Opinion in Egypt upon the Egyptian Question* / D. Sladen. — Hurst and Blackett, 1908.
- 4 Фергюсон Н. Империя: чем современный мир обязан Британии / Н. Фергюсон; пер. с англ. К. Бандуровского. — М.: Астрель, 2013. — 560 с.
- 5 Piquet C. *Histoire du canal de Suez* / C. Piquet. — Perrin, 2009.
- 6 Marlowe J. *Anglo-Egyptian Relations 1800–1953* / J. Marlowe. — Cresset Press. — 1954.
- 7 Саид Э.В. Ориентализм. Западные концепции Востока / Э.В. Саид; пер. с англ. А.В. Говорунова. — СПб.: Русский мир, 2006. — 636 с.
- 8 Sanı Hamet E.B. *Orientalism: From Expeditions to Colonialisation* / E.B. Hamet Sanı // *Universal Journal of History and Culture*. — 2023. — 5 (2). — 159–177.
- 9 Lockman Z. *Orientalism and empire in Contending Visions of the Middle East* / Z. Lockman // *The History and Politics of Orientalism*. Cambridge University Press. — 2004.
- 10 Kennedy D. *Imperial History and Post-Colonial Theory* / D. Kennedy // *The Journal of Imperial and Commonwealth History*. — 1996. — 24 (3). — 345–363.
- 11 Ар-Рафии Абдаррахман. Аср Мухаммед Али / Абдаррахман Ар-Рафии. — Каир: Дар ал-маариф, 1989. — 595 с.
- 12 Батрик А.Х. Тарихуль Мисриина. Аср Мухаммеда Али уа нахдату Миср филь карниль тасиа ашара аль амматуль китаби (1805–1882) / А.Х. Батрик. — Каир: Дар ал-маариф, 1999. — 247 с.
- 13 Омар А.А. Дирасат фи тарих Миср аль хадиси уа аль муасири (1517–1952) / А.А. Омар. — Александрия: Дар ал – маариф жамиа, 2000. — 472 с.
- 14 Solé R. *L'Egypte: passion française* / R. Solé. — Seuil, 1997.
- 15 Москалец О.В. Эволюция системы просвещения и образования в Египте в контексте социально-политических преобразований: XIX — 20-е годы XX в.: дис. ... канд. ист. наук: 07.00.03 — «Всеобщая история»/ О.В. Москалец. — М., 2021. — 307 с.
- 16 Себастиани Ф.О.Б. Донесение консулу Бонапарте полковника Себастиани, бывшего в Египте и Сирии / Ф.О.Б. Себастиани; пер. Н. М. Карамзина // *Вестн. Европы*. — 1803. — Ч. 7. — № 4. — С. 314–323.
- 17 Ozavci O. *Dangerous Gifts. Imperialism, Security, and Civil Wars in the Levant, 1798–1864* [Electronic resource] / O. Ozavci. — Oxford University Press, 2021. — Access mode: <https://library.oapen.org/bitstream/handle/20.500.12657/50696/9780198852964.pdf?sequence=1>
- 18 Mortimer-Murphy K. *French and British Policy and Culture in Egypt 1798–1841: The Reign of Muhammad Ali and the Eastern Crisis: Doctor's thesis* / K. Mortimer-Murphy. — Flinders University, 2020. — [Electronic resource]. — Access mode: https://flex.flinders.edu.au/file/93e0a4c4-29ea-4102-9ca6-bcd7680915be/1/Mortimer-Murphy2020_LibraryCopy.pdf
- 19 Bayoumi A. *Occidentalism in Late Nineteenth Century Egypt: Master's thesis* [Electronic resource] / A. Bayoumi. — Duquesne University, 2005. — Access mode: <https://dsc.duq.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1027&context=etd>
- 20 Rivlin Helen Anne B. *The Agricultural Policy of Muhammad Ali in Egypt* Rivlin [Electronic resource] / B. Anne Helen. — Harvard University Press, 1961. — Access mode: <https://archive.org/details/agriculturalpoli00rivl/page/n1/mode/2up>
- 21 Пикуль В. Этюды о былом / В. Пикуль. — М.: Изд-во ДОСААФ, 1989. — 640 с.

Ж.Е. Турекулова, М.У. Жумабеков, Э.С. Таукебаева

Проблемы взаимодействия Запад–Восток в контексте исторического развития Египта и политика европейских стран (первая половина XIX века)

В статье рассмотрены основные направления политики европейских стран в Египте в контексте его исторического развития в первой половине XIX века. Современные политические процессы, происходящие на Ближнем Востоке, в основном сформировались в период эпохи колониализма, поэтому для осмысления исторических предпосылок политических конфликтов в ближневосточном регионе особое значение имеет изучение политики европейских держав, в том числе Франции и Великобритании в арабских странах в XIX веке. Проблемы, связанные с колониальной политикой европейских стран в Египте, являются предметом широкого массива исследований с исторической,

экономической и политической точки зрения. В научных работах, посвященных данной теме, интересы Франции и Великобритании в Египте рассмотрены преимущественно как политико-экономическое или политико-стратегическое направление. Вместе с тем исследование в контексте взаимовлияний Запада и Востока, в рамках колониальной модернизации и ориентализма, является дискуссионным и многоаспектным направлением, которое требует тщательного изучения. В связи с чем в статье проанализированы основные причины и направления политики Франции и Великобритании в Египте. Исследованы механизмы колониальной политики европейских стран, в том числе и пропаганды в научных и политических кругах, благодаря которым сформировались соответствующие политико-идеологические процессы. Рассмотрены основные причины, приведшие к оккупации Египта Великобританией. На основе новых методологических подходов исследована взаимосвязь колониальной политики и модернизационных процессов на Востоке.

Ключевые слова: Египет, колониальная политика, империя, ориентализм, оксидентализм, историческое развитие, социально-экономическое положение, идеология, внешняя политика, имперское мышление, парадигма «Запад–Восток».

Zh. Turekulova, M. Zhumabekov, E. Taukebaeva

Problems of east-west interaction in the context of the historical development of Egypt and the politics of european countries (first half of the 19th century)

This article examines the main directions of the policies of European countries in Egypt in the context of its historical development in the first half of the 19th century. Modern political processes taking place in the Middle East were mainly formed during the era of colonialism, therefore, the study of the policies of European powers, including France and Great Britain policy in Arab countries in the 19th century is of particular importance in understanding the historical background of political conflicts in the Middle East region. The issues caused by the colonial policies of European countries in Egypt have been the subject of a wide array of studies from historical, economic and political perspectives. In scientific works devoted to this topic, the interests of France and Great Britain in Egypt are considered primarily as a part of political-economic or political-strategic direction. At the same time, research in the context of mutual influences between the West and the East, within the framework of colonial modernization and orientalism is a controversial and multifaceted area that requires careful study. In this connection, the article analyzes the main reasons and directions of the policies of France and Great Britain in Egypt. The article considers various colonial policy instruments along with propaganda in scientific and political circles, used by European countries, and by virtue of which the respective political and ideological processes were formed. The main reasons of Great Britain occupation of Egypt are revealed in this article. New methodological approaches are applied in order to scrutinise the correlation of colonial policy and modernisation processes in the East.

Keywords: Egypt, colonial policy, empire, orientalism, Occidentalism, historical development, socio-economic situation, ideology, foreign policy, imperial thinking, East-West paradigm.

References

- 1 Cromer, E.B. (1908). *Modern Egypt*. Macmillan.
- 2 Weigall, Arthur E.P. Brome (1915). *A history of events in Egypt from 1796 to 1914*. W. Blackwood.
- 3 Sladen, D. (1908). *Egypt and the English: Showing British Public Opinion in Egypt upon the Egyptian Question*. Hurst and Blackett.
- 4 Fergusson, N. (2013). *Imperiia: chem sovremennyi mir obiazan Britanii [Empire: how Britain made the modern world]*. (K. Bandurovskii, Trans.). Moscow: Astrel [in Russian].
- 5 Piquet, C. (2009). *Histoire du canal de Suez*. Perrin.
- 6 Marlowe, J. (1954). *Anglo-Egyptian Relations 1800–1953*. Cresset Press.
- 7 Said, E.V. (2006). *Orientalizm. Zapadnye kontseptsii Vostoka [Orientalism. Western concepts of the East]*. (A.V. Govorunova, Trans.). Saint-Petersburg: Russkii mir [in Russian].
- 8 Sani Hamet, E. B. (2023). Orientalism: From Expeditions to Colonialisation. *Universal Journal of History and Culture*, 5 (2), 159–177
- 9 Lockman, Z. (2004). Orientalism and empire in Contending Visions of the Middle East. *The History and Politics of Orientalism*. Cambridge University Press.
- 10 Kennedy, D. (1996). Imperial History and Post-Colonial Theory. *The Journal of Imperial and Commonwealth History*, 24 (3), 345–363.
- 11 Ar-Rafii, Abdarrakhman (1989). *Asr Mukhammad Ali [The era of Muhammad Ali]*. Cairo: Dar al-maarif [in Arabic].

- 12 Batrik, A.Kh. (1999). *Tarikhul misriina. Asr Mukhammada Ali ua nakhdatu Misr fil karnil tasia ashara al ammatul kitabi (1805–1882) [History of the Egyptians. The era of Muhammad Ali and the revival of Egypt in the 19th century (1805–1882)]*. Cairo: Dar al-maarif [in Arabic].
- 13 Omar, A.A. (2000). *Dirasat fi tarikh Misr al khadisi ua al muasiri (1517–1952) [Studies on modern and contemporary history of Egypt (1517–1952)]*. Alexandria: Dar al –maarif zhamia [in Arabic].
- 14 Solé, R. (1997). *L’Egypte: passion française*. Seuil.
- 15 Moskalets, O.V. (2021). Evoliutsiia sistemy prosveshcheniia i obrazovaniia v Egipte v kontekste sotsialno-politicheskikh preobrazovaniia: XIX–20-e gody XX v. [The evolution of the educational system in Egypt in the context of socio-political transformations: XIX — 20s of the XX century]. *Candidate’s thesis*. Moscow [in Russian].
- 16 Sebastiani, F.O.B. (1803). Donesenie konsulu Bonaparte polkovnika Sebastiani, byvshago v Egipte i Sirii [Report to Consul Bonaparte, Colonel Sebastiani, who was in Egypt and Syria.] (N. M. Karamzin, Trans.). *Vestnik Evropy — Bulletin of Europe*, 7 (4), 314–323 [in Russian].
- 17 Ozavci, O. (2021). *Dangerous Gifts. Imperialism, Security, and Civil Wars in the Levant, 1798–1864*. Oxford University Press. Retrieved from <https://library.oapen.org/bitstream/handle/20.500.12657/50696/9780198852964.pdf?sequence=1>
- 18 Mortimer-Murphy, K. (2020). *French and British Policy and Culture in Egypt 1798–1841: The Reign of Muhammad Ali and the Eastern Crisis. Doctor’s thesis*. Flinders University. Retrieved from https://flex.flinders.edu.au/file/93e0a4c4-29ea-4102-9ca6-bcd7680915be/1/Mortimer-Murphy2020_LibraryCopy.pdf
- 19 Bayoumi, A (2005). *Occidentalism in Late Nineteenth Century Egypt [Master’s thesis, Duquesne University]*. Electronic theses and dissertations. Retrieved from <https://dsc.duq.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1027&context=etd>
- 20 Rivlin, Helen Anne B. (1961). *The Agricultural Policy of Muhammad Ali in Egypt*. Harvard University Press. Retrieved from <https://archive.org/details/agriculturalpoli00rivl/page/n1/mode/2up>
- 21 Pikul, V. (1989). *Etiudy o bylom [Sketches about the past]*. Moscow: Izdatelstvo DOSAAF [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет

Турекулова Жулдыз — PhD д-ры, қауымдастырылған профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>

Жумабеков Мадияр — т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0009-3551-3096>

Таукебаева Эльмира — PhD д-ры, қауымдастырылған профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-2372-8147>

Information about the authors

Turekulova Zhuldyz — PhD, Associate professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan;

Zhumabekov Madiyar — Candidate of historical sciences, Associate professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan;

Taukebaeva Elmira — PhD, Associate professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan.